

# Жоспар

Кіріспе

Негізгі бөлім

Науқаспен дұрыс сауалнама жүргізу.

Дәрігердің дұрыс сөйлеуі.

Қорытынды.

# КІРІСПЕ

Дәрігердің науқаспен жақсы әңгіме сұхбат жүргізуі ,дұрыс диагноз қоюдың, науқастың қанағаттануының алғы шарты болып табылады. Одан әрі науқастың қобалжуы төмендеп, ол дәрігердің барлық ұсынысын орындайды. Әңгіме барысында медициналық терминдерді қолданбау, науқастың дәрігерді толық түсінуіне көмектеседі. Дәрігер нұсқауы нақты әрі тиімді болуы керек.

- Дәрігер науқаспен сауалнама жүргізгенде алдымен амандасып, өзін таныстыру керек.

Қайырлы таң....Кіріңіз отырыңыз. Менің аты жөнім.... Науқасқа өзінің шағымдарын айтуды ұсыну керек.

Сонымен менің сізге қандай көмегім қажет? немесе сізді мазалайтын не жағдай?

Бұл науқасты әңгімеге тартады, өз ойын сізге қалай дұрыс жеткізсем деген ой салады.



- Дәрігердің тәжірибелік іс әрекетіне өмірден алынған мысалдар мен өзінің басынан өткен жағдайлар көп көмегін тигізеді. Олардың көмегімен науқаспен тез тіл табысып кетуге болады. Мысалдар қарапайым әрі медициналық терминдер қолданылмай баяндалуы керек.
- Клиникалық зерттеу үшін киімдерін шешуді ұсынуға байланысты нұсқаулар.
- Әңгіме барысында табиғи қалпыңызды сақтағаныңыз жөн.
- Сіздің өтініштеріңіз нақты әрекетке бағытталған болуы қажет.

## Клиникалық тексеру кезіндегі кушеткадағы науқастың жағдайына байланысты нұсқаулар

- Өтінемін, маған қарап бұрылып, арқаңызбен жатыңыз
- Оң немесе сол қырыңызбен жатыңыз
- Тізерлеп тұрыңыз
- Отырыңыз
- Алға еңкейіңіз
- Кушеткадан түсіп, еденге тұрыңыз
- Бөлмеде ары бері жүріңіз



Клиникалық сауал кезінде медициналық құралдарыңызды тексеріп, науқасты тексеруге, дайындалуға мүмкіндік беріңіз. Тексеру барысында қорықпаңыз, жақсы, өте жақсы, ия, дұрыс деген сөздерді жиі қолдану керек. Ол науқасты тыныштандырып, дәрігердің айтқандарын қорқынышсыз орындауына көмектеседі.

Науқас киініп жатқан жағдайға байланысты нұсқау кабинеттен шығып кетіп, науқасты жалғыз қалдырып кетпеңіз. Онымен әңгімеңізді жалғастырыңыз.

- Киініп болған соң маған келе беріңіз,немесе мүгедек адамға, қарт кісіге ,әлсіз науқасқа көмектесу қажет
- АҚПАРАТТЫ ҰСЫНУ.
- Пациент киініп болып,кабинетіңізден кетпес бұрын сіз оған тексеру нәтижесін немесе басқа ақпаратты жеткізуіңіз қажет.
- Қандай да бір диагнозды хабарлай отырып,колдау көрсету қажет.
- Бұл жағдайды тексеруден соң ғана анықтай аламыз. Әзірге қорықпаңыз деп.
- Емханаға жатқызу болса,  
емханаға уақыт өткізбей жатқаныңыз дұрыс.
- Операция болса,
- Кей кезде емделудің ең тиімді жолы тек операция болуы мүмкін.Әрине мен сізге дәрілер жазып беремін, уақытында қабылдаңыз,бірақ бұл жағдайда тек дәрімен емделу жеткіліксіз.Сізге операция жасатқан дұрыс.....Операциядан соң бәрі жақсы болады.



- **ЖАЙСЫЗ ХАБАР ЖЕТКІЗУ.**
- Кейде науқасқа жағымсыз хабар емес қорқынышты хабар да жеткізуге тура келеді. Мұндайда барынша ашық болуға тырысу керек. Әр сөзді байыппен, саралай отырып, науқастың үрейі мен қорқынышын барынша басуға тырысу керек. Өкінішке орай деген сөздерді қолдану. Ол науқасты алдын ала дайындайды.
- Науқастың қиындығын бөлісуге , сезімтал дәрігер түсінуге тырысатынын көрсету қажет.
- Мұның жайсыз хабар екенін білем, бірақ сізге барынша көмектесуге тырысамыз, деп қолдау көрсету.





## ҚОРЫТЫНДЫ

- Кез келген ауыр жағдайда дәрігер жақсы бір сәттерді еске алып, айтып беруі науқас үшін өте маңызды. Және науқасты бос үміттендіріп уәде бермеуі тиіс. Кепілдік беруге мүлде болмайды. Үнемі жағдайды ашық айтуы шыншылдық, науқаспен және туыстарымен жүйелі түрде кездесіп, әңгіме жүргізу, дәрігердің қолдау көрсетуі болып табылады. Барлық туысына жан жақты анық түсіндіріп, нақты мысалдар келтіруі тиіс.

## Әдебиеттер:

- Комуникативті дағдылар
- Ананьев Б.Г. Психология чувственного познания М. 1960
- Гализо М.В., Домашенко И.А. Атлас по психологии. Учеб. Пособие для студ. пед. интов. Просвещение

[www.goolge.kz](http://www.goolge.kz)